

# **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ**

**2016 ж. 4-тоқсанындағы**

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА**

**ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ**


## Жеке тұлғалардың депозиттер нарығының тенденциясына шолу

2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша депозиттерге кепілдік беру жүйесіне ислам банкінен басқа барлық екінші деңгейлі банктер (32) кіреді. 2016 жылдың 26 желтоқсандағы ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі бойынша «Казинвестбанк» АҚ 2016 жылдың 27 желтоқсанынан бастап банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыруға және бағалы қағаздар нарығында қызмет көрсетуге рұқсат беретін лицензияларынан айырылды, сол себепті көрсетілген банк депозиттерге кепілдік беру жүйесінен шығарылды.

2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша кепілдік беру жүйесіндегі қатысушы-банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері 7,9 трлн. теңгені құрап, ағымдағы жылдың төртінші тоқсанындағы өзгерісі +631,6 млрд. теңгені немесе 8,7% құрады.


Есепті тоқсанда жеке тұлғалар депозиттері үлесі бойынша көшбасшылар үштігіне алдыңғы тоқсандағыдай *Халық банкі*, *Казкоммерцбанк* пен *Kaspi Bank* кірді, олардың үлестері сәйкесінше 20,7%, 17,6% және 9,3% құрап отыр (1-диаграмма). Сонымен қатар есептік тоқсанда көрсетілген үштіктің екеуінде депозит базасының толықтырылуы байқалды: *Халық банкте* +152,5 млрд.теңге немесе 10,3%, *Kaspi Bank* +75,1 млрд. теңгеге немесе 11,3%, ал *Казкоммерцбанкте* депозит базасы -23,2 млрд. теңгеге немесе 1,6% азайды.

1-диаграмма. Үштік және де басқа банктердегі жеке тұлғалар депозиттері




Халық салымдарының валюталық құрылымына келсек, есептік тоқсанда ұлттық валютадағы депозиттердің өзгерісі +577,8 млрд. теңгені немесе +24,0%-ті, шетел валютасында +53,8 млрд. теңгені немесе +1,1%-ті құрады. 2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша шетел валютасындағы жеке тұлғалар депозиттері 62,2% (4,9 трлн. теңге), ұлттық валютада 37,8% (3,0 трлн. теңге) құрады. (2 және 3-диаграммалар).

2-диаграмма. Жеке тұлғалардың депозиттік базасының өзгеру динамикасы




3-диаграмма. Жеке тұлғалардың депозиттік базасының құрылымының өзгеру динамикасы (трлн.теңге)



Жалпы алғанда Ұлттық Банк пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономиканы доллардан арылту саясаты соның ішінде шетел валютасында орналастырылған депозиттердің сыйақы мөлшерлемесін төмендетіп, ұлттық валютадағы депозиттердің сыйақы мөлшерлемесін ұлғайтуы және олардың өтемақысын 10 миллион теңгеге көтеру шараларының тиімді болуы көрсетілуде.

Қатысушы-банктердің депозиттері жиынтық қоржыны жалпы үлесінің 90,0% немесе 7,1 трлн. теңге және тоқсандық ұлғаюы 472,7 млрд. теңге немесе 7,1% болатын мерзімді және шартты салымдардан, жалпы үлесі 9,8% (772,5 млрд. теңге) және тоқсандық өзгерісі +160,0 млрд. теңге немесе +26,1% болатын ағымдағы және карт-шоттардағы қалдықтардан, сондай-ақ жалпы үлесі 0,2% болатын талап етілгенге дейінгі салымдардан тұрады, бұл топтаманың өзгерісі -1,0 млрд теңгені немесе -5,0% құрады. (4-диаграмма)

4 - диаграмма. Жеке тұлғалар депозиттерінің негізгі категориялар бойынша құрылымы (% бойынша)



Қатысушы-банктердің жиынтық қоржынының 22,3%-тін (немесе 1,8 трлн. теңгені) құрайтын мөлшері **5 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдарында** тоқсан ішінде оң өзгеріс болды және оның мөлшері 155,3 млрд. теңгені құрады. **5 млн.-нан 10 млн. теңгеге дейінгі мерзімді салымдар** қарастырылып отырған мерзім ішінде 55,2 млрд. теңгеге көбейіп, 743,3 млрд. теңгені (немесе жиынтық қоржынның 9,4%-тін) құрады.

**10 млн.-нан 15 млн. теңгеге дейінгі мерзімді және шартты салымдар** 354,3 млрд. теңгені немесе жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы қорының 4,5%-ін құрады. Бұл мөлшердегі салымдардың өзгерісі +24,0 млрд. теңгені құрады, бұл өзгерісті шетел валютасындағы салымдардың 11,4 млрд. теңгеге азаюы қамтамасыз етті. Бұл аралықтағы ұлттық валютадағы салымдар 35,4 млрд. теңгеге немесе 31,1%-ке өсті.

Жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы қорының басым бөлігі әдеттегідей **15 млн. теңгеден жоғары мерзімді және шартты салымдар** еншісінде және есепті тоқсанда олардың үлесі 53,8%-і құрап отыр. Есепті тоқсанда бұл категорияның үлесі 5,9%-ке немесе 238,1 млрд. теңгеге ұлғайды.

Жеке тұлғалар депозиттері қоржынының 0,2%-ін құрайтын **талап етілгенге дейінгі салымдарының** өзгерісі -1,0 млрд. теңгені құрады. Шетел валютасындағы талап етілгенге дейінгі салымдарының азаюы (-1,1 млрд.теңге) байқалса, ұлттық валютадағы салымдардың ұлғаюы +0,1 млрд. теңге болды.

**Ағымдағы және карт-шоттардағы жиынтық қалдықтары** бойынша оң өзгерістер орын алды және ол +160,0 млрд. теңгені немесе +26,1%-ті құрады. Бұл өзгерістер ұлттық валютадағы **ағымдағы және карт-шоттардағы жиынтық қалдықтарының** +109,7 млрд. теңгеге және шетел валютасындағы салымдардың +50,3 млрд. теңгеге ұлғаюы салдарынан болды.

2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі қатысушы банктердің жеке тұлғаларының депозиттері бойынша Қор төлеуге тиісті өтелім сомасы 3,7 трлн. теңгені құрады. Есептік күнге Қордың арнайы қоры жарғылық капиталдың есебінсіз 395,2 млрд. теңгені құрады. Қажет болып жатқан жағдайда арнайы қордың тапшылығын толықтыру мақсатында Акционерлер шешімімен Қор жарғылық капиталдың 70%-тін қолдана алады. Мұндай жағдайда ол 502,9 млрд. теңгеге жетеді, немесе өтелуге тиісті жинақы соманың 13,6% және қатысушы банктердегі жеке тұлғалар салымының 6,4% құрайды.

Қор төлеген кепілдік берілген өтемнің жиынтық сомасы **Наурыз Банкі** 2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 679,6 млн. теңгені ал **Валют-Транзит Банкі** бойынша қосымша өтемді қоса есептегенде 17,8 млрд. теңгені құрады. Қордың **Наурыз Банкінің** ликвидациялық

комиссиясынан кепілдік берілген өтемді төлеген сомасы бойынша талаптарын қанағаттандыру барысында алынған сома мөлшері 772 млн. теңге немесе ликвидациялық комиссиясына қойылған барлық талап сомасының 100%, ал *Валют-Транзит Банкі* бойынша 9,4 млрд. теңге немесе Қордың ликвидациялық комиссиясына қойылған талап сомасының 51,3% (қосымша өтемді қоса есептегенде) құрайды.

2015 жылдың шілдесінде «Жеке меншік құқығын қорғау, келісім бойынша міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзу жағдайларында міндеттемелерді қатайту сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасы кей заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қойылуына байланысты 2007 жылы жабылған *Валют-Транзит Банкі* салымшыларына қосымша өтем төлене бастады. *Валют-Транзит Банкіндегі* салымдары 700 мың теңгеден асатын салымшыларға Қор депозит бойынша қалдығы сыйақыны есептемегенде қосымша бес миллионнан аспайтын қосымша өтем төлеуге тиіс.

2015 жылдың 10 тамызынан 2016 жылдың 10 тамызына дейін Қор қосымша өтем Банк Центр Кредиттің бөлімшелері арқылы жүзеге асырды. Міндеттемелердің жалпы сомасы 4,25 млрд. теңгені құрады. 2017 жылдың 1 қаңтарына сәйкес 4379 салымшы (4 995-тен) жалпы сомасы 3,98 млрд. теңгені құрайтын өтем алды, ол бар міндеттемелердің 93,6% құрады.

2016 жылдың 10 тамызынан кейін *Валют-Транзит Банкі* салымшыларына кепілдендірілген өтемді Қор өз тарапынан төлеуде. Яғни салымшыға төленетін өтем салымшы мәлімдемесінде көрсетілген шотқа аудару арқылы жүзеге асырылады.

2017 жылдың 1 қаңтарына сәйкес  
катысушы банктердің жеке тұлғалар депозиттері бойынша мәліметтерінің жиынтығы

№ п/п	Аталуы	Сомасы (мың теңге)	4- тоқсандағы өзгерісі	Шоттардың саны
	Барлық жеке тұлғалар депозиттері теңгемен және шетел валютасымен, оның ішінде:	7 901 836 962	631 626 620	43 252 054
1.	Талап етілгенге дейінгі салымдар, оның ішінде:	18 752 091	-992 688	4 298 561
1.1.	<i>теңгемен</i>	3 904 290	135 442	4 211 697
1.2.	<i>шетел валютасымен</i>	14 847 801	-1 128 130	86 864
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі талап етілгенге дейінгі салымдар	2 551 283	-7 625 433	179
2.	Мерзімді және шартты салымдар, оның ішінде:	7 110 587 727	472 681 293	3 752 982
2.1.	<i>теңгемен, оның ішінде:</i>	2 422 673 721	467 998 766	2 866 072
	1 млн. теңгеден аспайтын	351 873 400	6 413 429	2 370 324
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	561 355 024	116 152 754	340 012
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	286 656 140	43 685 627	75 213
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	377 795 139	75 658 502	55 382
	10 млн.-нан бастап 15 млн. теңгеден аспайтын	149 430 483	35 424 423	12 875
	15 млн. теңгеден жоғары	695 563 535	190 664 031	12 266
2.2.	<i>шетел валютасымен, оның ішінде:</i>	4 687 914 006	4 682 527	886 910
	1 млн. теңгеден аспайтын	87 069 661	-886 662	592 891
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	229 461 949	-6 403 930	128 569
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	247 788 441	-3 629 019	64 185
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	365 517 412	-20 411 337	52 887
	10 млн.-нан бастап 15 млн. теңгеден аспайтын	204 839 975	-11 382 984	17 091
	15 млн. теңгеден жоғары	3 553 236 568	47 396 459	31 287
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі мерзімді және шартты салымдар	466 121 663	-46 701 820	2 409
3.	Ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары (карт-шоттағы қалдықты қоса есептегенде) оның ішінде:	772 497 144	159 938 016	35 200 511
3.1.	<i>теңгемен</i>	557 075 815	109 655 084	33 719 474
3.2.	<i>шетел валютасымен</i>	215 421 329	50 282 932	1 481 037
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары (карт-шоттағы қалдықты қоса есептегенде)	24 563 252	15 163 362	10 900